

Abstract. The implementation of cluster approaches is recognized as an important tool to promote industrial development, competitiveness and efficiency of the economy. One of the priority directions of innovation policy is the creation of agrofood clusters. The article provides an economic assessment of the formation of clusters in agro-industrial complex and the mechanism of State regulation of cluster management. It was determined that the efficient functioning of clusters in agricultural sphere is the basis for the development of the models at the regional level. Their mechanism, functional role, components have been specified, taking into account the laws governing the development of agro-industrial complex of Kazakhstan. The features of cluster management, competitive advantages of clusters in the field of agro-industrial production in the region, associated with geographic location, climate, and opportunities inherent in them as an integrated system aimed at improving equipment and technologies have been revealed. On the basis of cluster analysis, methodical proposals on cluster management for each territory were formulated, which allow to increase the efficiency of cluster management, reduce costs in production-processing-sale chain, and improve food supply at the regional level. The formation of agrofood clusters can become one of the promising directions in addressing strategic tasks of increasing the level and quality of life of the population.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, нарық, кластер, тауарөндірушілер, бәсекелестік, инфрақұрылым, өндірісті басқару, еңбекақы төлеу, өмір деңгейі мен сапасы.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, рынок, кластер, товаропроизводители, конкуренция, инфраструктура, управление производством, оплата труда, уровень и качество жизни.

Keywords: agro-industrial complex, market, cluster, commodity producers, competition, infrastructure, production management, remuneration, level and quality of life.

Кіріспе. Ғылыми әдебиеттерде кластерлік дамуға арналған көптеген зерттеулер бар. Бұл саладағы ғылыми еңбектер XIX ғасырдан бастап жарық көрді. Кластерлердің қалыптасуы нарық үдерістерімен қатар іске асады.

А.Смит пен Д.Рикардоның халықаралық сауда саласындағы классикалық теориялары мамандандыруды талдаудың іргетасын қалаған.

Кластерлер қолөнер дамуына байланысты екені әйгілі. XX ғасырдың соңынан бастап, олар экономикалық салада ең маңызды орын ала бастады.

Кластерлік тұжырымдама Майкл Портер зерттеулерімен тығыз байланысты. Еңбектерінде Портер кластерлік серіктестік пен кәсіпорындар мен салалардың бәсекелестікке деген жоғары қабілеттілігінің арақатынасын айқындады. М.Портердің пікірінше, кластер – белгілі өнім шығару барысында өзара байланысы бар, географиялық тұрғыда шоғырланған, бірге жұмыс істеп, сонымен қатар, бәсекелес компаниялар, фирмалар және кәсіпорындар жиынтығы.

Ғылымда «кластер» терминімен қатар, географиялық тұрғыда шоғырланған кәсіпорындар, фирмалар және компанияларды білдіретін басқа да терминдер бар.

Олар: индустриялық аймақ, индустриялық орындар, аумақтық өндірістік кешен, регионалдық инновациялық орта, т.б.

Бұл тақырыпты зерттеген ғалымдар, бірінші ерекшелік ретінде кластерді құрайтын компаниялардың географиялық жақындағын атайды.

Екінші іргелік өзгешелігі – кластер мемлекеттік орындар мен түрлі меншіктегі кәсіпорындарының бірлестігі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Теориялық және тәжірибелік жақтардың талдауы айқындағандай, кластер құрамындағы кәсіпорындар дербес шаруашылық нысаналар болып табылады. Сонымен қатар, кластер ішінде бәсекелестік бар. Ол дамудың маңызды шарты. Оның қалыптасуы мен болуының шарттарының ең маңыздысы – географиялық шоғырлануы [1].

Агроөнеркәсіптік кешенге қатысты бірнеше түсініктер жиі қолданылады: «кластер», «кластерді басқару», «кластерді басқарудың тетіктері». Осы мақсатта бағалаудың статистикалық әдістері, нәтижелерді қорытындылау және салыстыру, көрсеткіштер бойынша рангтік салыстыру (рейтинг құру) әдістері пайдаланылады.

Өңірдің АӨК бәсекелестік тұрақтылығын бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері ретінде біз кәсіпорындардың қаржылық жай-күйінің, инвестициялық белсенділіктің, корпоративтік дамудың, инфра-

құрылымның дамығандығының, еңбек ресурстарының сапасы мен кәсіпорындардың ресурстық қамтамасыз етілу индекстерін пайдалану орынды деп санаймыз.

Өңір кәсіпорындарының қаржылық жай-күйінің индексі осы өңірдегі олардың жалпы санына пайдалы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары санының қатынасы ретінде есептеледі. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану көрсеткіші негізге алынады, өйткені дәл осы көрсеткіш кластердің қажеттілігі үшін ауыл шаруашылығы ресурстарын өндіруші ретінде пайдаланылатын аумақты анықтайды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Кластерлердің қалыптасуы тек ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру ғана емес, өндірістің барлық қатысушылары өндірістен тұтынушыға ғылыми жетістіктерді, жоғары технологияларды пайдалана отырып, өндіріс үдерісіне қатысушылардың күшімен жасалған бірыңғай технологиялық циклмен біріктірілген бір саланың кәсіпорындары өзара әрекеттесудің ең күрделі нысаны болып табылады.

Өңдеу, агроөнеркәсіп кешенінің қызмет көрсету кәсіпорындары, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері, мемлекет, қаржылық және салалық одақтар мен іргелес салалардың мүдделерін біріктіретін әрекеттер.

Кластерді сапасы және саны жағынан жаңа тұрақты экономикалық жүйе ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Бұл жүйенің негізгі құрамдас бөліктері – ауыл шаруашылық тауарларды өндірушілерді басқару, іске асу, реттеу үдерістерін жақсартуды мақсат еткен қатысушылар. Жаңа өзгерістерді экономикалық тиімділікке апаратын нәтиже ретінде қарастырамыз [2].

Кластерді басқару дегеніміз – ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы іске асырылған жаңа басқарушылық өнім.

Ол ізгі өндірістік тәжірибе мен ғылыми зерттеулер негізінде сала басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін жетілдіру арқылы ауыл шаруашылығының сапасы мен көлемін асыруға арналған.

Кластерлік басқарудың тетігін екі жікке бөлуді ұсынамыз.

Олар: стратегиялық және тактикалық жоспарлау және ұялдеме мен бақылау тетіктері.

Аумақтық басқару жүйесі кластерді өңдеу мен іске асыру, оны қаржыландыру және ынталандыру, сонымен қатар, зияткерлік меншік тетіктерінен құралады.

Басқарудың өндірістік жүйесі кластердің жұмысын ұйымдастыру тетіктерінен тұрады. Агроэкономикалық жүйені тиімді ететін қозғаушы күш қажет.

Экономикалық теория кластерлік тұрғыдан басқару мәселелерін инвестициялау, қаржы қорын жинау, кеңею мен тиімділігі жағынан зерттейді. Қазақстандық аграрлық ғылым үшін бұл бағытты зерттеу – өзекті мәселелердің бірі. Өйткені кластерлік тұрғыды қолдану арқылы ғана отандық ауыл шаруашылығының шетелдік дамуынан артта қалуын жоюға болады.

Кластерлерді енгізу және тәжірибе жүзінде іске асыру үдерістерді теориялық зейіндеу экономикалық ғылымдар және мемлекеттік басқару өкілдері мен іскерлік қауымға қажет.

Кластерлік басқару ауыл шаруашылық экономикасының дағдарыстан шығуға арналған шаралар жүйесінде ең маңызды орындардың біріне ие екені мәлім.

Тақырыпты зерттеудің басты себебі жеке меншік институтының дамуы болып табылады. Агроөкіптік өндірістің дамуын көздейтін жүйелік әдістер шығыстардың ғылыми негіздемесін талап етеді [3].

Қазақстан үшін әлемдік тәжірибе мүмкіндіктерін қолдану үздік технологиялармен стратегияларды енгізудің мемлекеттік саясат бағдарларының бірі және ауыл шаруашылық өндірушілердің өркендеуіне түрткі болуы мүмкін.

Қазіргі таңда мемлекет деңгейінде елдегі кластерлік саясатты қалыптастыратын бірнеше ресми құжаттар қабылданды.

Олар агроөндірістік кешен дамуының негізгі ережелерін ғылым және технология саласындағы мемлекет саясатын байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Ауыл шаруашылық аймаққа қатысты, кластерлік басқару мен дамудың мәні экономиканың аграрлық саласының тұрақты істеуін қамтамасыз ететін қалыпты бәсеке-лікортаны қалыптастыруымен байланысты.

Бұл мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық-экономикалық жаңару, ғылыми-техникалық инновацияларды өндіру, үздік ғылыми зерттеулер санын ұлғайту қажет.

Кластерлік басқарудың мақсаты – отандық ауыл шаруашылықтың өзіндік кластерлік саясаттың қалыптасуы.

Ол саясат кәсіпкерлік және ұйымдардың белсенділігінің іргетасы, отандық ауыл шаруашылық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың ахуал деңгейін өсіруге бағытталған.

Кластерлік басқарудың нәтижелік мақсаты – кәсіпкерлік белсенділік пен ұйым-

дардың қатысуын белгілейтін, ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін өсірудің негізгі тетігін айқындайтын, тұрақты экономикалық өсу мен халықтың дәулеттілігін қамтамасыз ететін елімізде өзіндік кластерлік саясаттың қалыптасуы.

ҚР Президенті «Қазақстан - 2050» стратегиясы» шеңберінде айқындаған тапсырмаларды орындау мақсатында, ауыл шаруашылықты кешенді дамыту үшін, елімізде «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Кешенді талдау көрсеткендей, қаржылық дағдарыс жағдайында, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жеке тауар өндірушілердің кластерлік басқаруын қалыптастырмай, көшу қиын. Кластер құрамында тауар өндірушілері жүйенің бөліктері болып табылады.

Кластерлік құрылымдарына ақша капиталы институттарының қатысуы, бүкіл топтың қуаттануына және даму қарқынының өсуіне мүмкіндік туғызады [4].

Ауыл шаруашылығының дамуына бірнеше жағдайлар әсер ететініне, біз талдау арқылы көз жеткіздік.

Олар:

- кластердің өзіндік қаржымен қамтамасыздандыру ахуалы;
- инновациялардың жоғары бағасы;
- экономикалық тәуекелділіктің жоғары деңгейі;
- жұмыс атқарушылардың төмен біліктілігі.

Аталған факторларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Бірінші топқа кәсіпорындар мен ауылшаруашылық өндірушілердің мүмкіншіліктерімен тығыз байланысты факторлар жатады [5]. Екінші топтағы факторларды бағалардың теңсіздігі, инновациялық инфрақұрылымның дамуы, сұраныс және шикізат тәрізді көрсеткіштер құрайды.

Сыртқы факторларға халықтың жұмыспен қамтамасыздандырылуының деңгейі, экономикалық өсу, кірістеді үлестіру, мемлекеттік бюджет және т.с. кіреді.

Ішкі және сыртқы факторлар мемлекеттік басқару мен нарық тетіктерінің жұмысымен тығыз байланысты.

Аймақтың дамуына ең күшті ықпал ететін жағдайлар - мемлекеттік басқару мен бағалар теңсіздігі (диспаритеті).

Бұл жағдайлардың кері әсерін төмендету үшін, ауыл шаруашылығында кооперация және субсидиялау кең қолданыс тапты [6].

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің әрекеттеріне әсер ететін жағдайлардың талдауы, оларды төменде көрсетілген белгілер бойынша, топтауды мүмкін етті:

■ әсер ету тәсілі бойынша (тікелей және жанама);

■ әсер ету деңгейіне қатысты (төмен, орташа, жоғары);

■ ықпал ету бағдары (сұраныс және ұсыныс).

Сонымен қатар, экономикалық, әлеуметтік, саяси, табиғи-экологиялық факторлары мен инфрақұрылымның әсерлері ауқымды.

Саяси факторларға тұрақтылық, мемлекет тарапынан инновацияларға қолдау, сауда саясаты және заңгерлік саясатты жатқызамыз.

Ауыл шаруашылығы дотациялық нысан болғандықтан, кластердің қалыптасуы мен дамуы сыртқы инвестицияларға тәуелді. Табиғи-экологиялық факторлар қатарына табиғи қор, топырақтар сапасы мен қоршаған ортаны қорғауға қабілетті заңдық негіздемелер жатады.

Әлеуметтік факторлар кірістер, еңбек пен демалу деңгейімен белгіленеді.

Инфрақұрылым көлік, қуат көздері мен материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы, коммуникацияларды қамтиды.

Аталған факторлардың барлығы Қазақстанда да, шет елдерде де кластерлердің қалыптасу мен дамуына ықпал етеді.

Кластерлік басқарудың тетіктеріне мемлекеттік және аумақтық факторларымен қатар, кластер қатысушыларының ішкі факторлары да ықпал етеді. Кластерлердің қалыптасуы Еуропада басталды. Сол кезеңде кластердің басты мақсаты – өндірістік үдерістерді реттеу, транзакциялық шығыстарды азайту, инфрақұрылымның тиімділігін арттыру болған [7].

АҚШ пен Голландияда кластерлердің қалыптасуына мемлекет араласпады. Олар нарықтық үрдістер барысында қалыптасты. Мемлекеттік деңгейде тек «жұмсақ реттеу» жүргізіледі [8].

Кластерлердің жұмысын талдау көптеген оң аспектілер бар екенін көрсетті:

◆ еңбекақы және жұмыспен қамтамасыз етудің жоғары деңгейі;

◆ экономикалық саясатты жеңіл және тез арада өзгертудің мүмкіншілігі;

◆ кластерлер экономикалық дамуды ынталандыруға негізделген нақты саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы 1999 жылы кластерлердің дамуына қатысты кең көлемді зерттеу жүргізді.

Кластер түсінігінің өзі көптүрлі екендігін айқындады. Кластерлерге инновациялық жүйелерден бастап қосылған құнды жасау тізбектеріне дейінгі құрылымдарды жатқызады.

Негізі, кластерлер, нарықтың талаптарынан туындаған жергілікті орындардың бастамаларымен қалыптасады.

Нарықтың күйреуі мен жүйелік сәтсіздіктерді жою үшін, кластерлер деңгейінде қандай саяси шараларды қолдану болатындығын айқындау – ұйым орындаған зерттеудің маңызды қорытындыларының бірі [9].

2019 жылдан бастап, Украина мен Бразилия тәжірибелерін қолдану барысында, болашақ ауыл шаруашылық өнім кепілділігіне арналған аграрлық қолхаттар енуін табады.

Бұл шара ауыл шаруашылықтың қаржылық нарығына несиелер көлемін ұлғайтуды мүмкін етеді.

Субсидиялау тетігі де өзгертілді. Агробәсіптік кешен субъектісі техниканы лизинг арқылы рәсімдегенде, алғашқы төлем мемлекет тарапынан төленеді.

Бұл инвестициялық субсидиялау – мемлекеттік қолдау шараларының бірі.

Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру жүйесі қайта қарастырылады. Бұрын сақтандыру жағдайында, шығындардың тек 10-15%-ы ғана қамтылды.

Бұрын сақтандыру жағдайды белгілеу үшін комиссия жұмыс істейтін, енді аумақты космостық зондтау тәрізді, сан технологиялары қолданылады.

Сонымен қатар, «КазАгро» тікелей несиелендіруден екінші деңгейдегі банктарды қаржыландыруға көшеді [10].

Тұжырымдар.

1. Талдау нәтижелері бойынша, мемлекеттің кластерлік саясатына қатысты төмендегідей қорытындылар қалыптасты:

- кластерлер нарықтық үдерістердің нәтижесі болуы тиіс;
- мемлекет саясаты кластерлерді қаржыландыруға бағытталуы керек;
- мемлекет кластерлік саясатқа тікелей араласудан алыс болуы қажет.

2. Кластер құру жайлы шешімдерді мемлекеттік немесе аймақтық деңгейлерде қабылдау тәжірибесі кең көлемде кездеседі.

3. Дүниежүзілік тәжірибені талдау кластерлерді қалыптастыру үрдісі белсенді дамуда екені анықталды. Қазіргі таңда экономикалық тұрғыдан жоғары дамыған елдердің 50% кластерлік жолды таңдады.

4. Дания, Швеция, Норвегия, Финляндия және Италиядағы өндіріс салалары кластер жүйесін тиімді пайдалануда [11]. Кластерлер Қытай, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде белсенді өріс алуда.

5. Кластерлік тәсіл, ғылым мен техника жетістіктеріне негізделіп, өмір мен өндірістің барлық салаларын қамтиды.

6. Сол себептен, кластерлік басқару өндірістің тиімділігінің өсуі арқылы, оңды коммерциялық нәтижеге жетуге бағытталған.

7. Қазақстан үшін елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешудегі басым міндет – отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібін дамыту, аграрлық азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру және сыртқы сауда саясатын ұлттық өндірушілердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

8. Агроөнеркәсіптік кешендегі тиімділікті арттыру – өндірісті қарқынды дамыту және жоғары сапалы өңдеу ауыл шаруашылық өнімдерін үйде қанықтыру үшін қажет нарықты дамыту және экспорттық әлеует. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей шешім қабылданады және міндеттері:

- ішкі нарықтың отандық өнімдермен қанықтылығы;
- экспорттық әлеуетті дамыту;
- ауыл шаруашылығын дамыту;
- мал шаруашылығын дамыту;
- коммерциялық балық шаруашылығын дамыту;
- ауыл шаруашылығын қайта өңдеу салаларын және тамақ өнеркәсібін дамыту [12].

Әдебиеттер тізімі

1 Лукин В.Ф., Григорьева В.Е. Монокластерный подход к управлению цепями поставок в АПК России и странах Евразийского экономического союза в сфере растениеводства // Перспективы развития предпринимательства в странах Евразийского экономического союза: материалы междунар. науч.-практ. конф. - Симферополь, 2016. - С. 213-218.

2 Музалевский А.А., Яйли Е.А. Кластер: анализ, оценка, управление. Научное издание.- Санкт-Петербург: Изд. РГМУ, 2013. - С. 112-115.

3 Ахметзянова Э.Р., Валеева Э.Н. Стратегия развития социально-экономического потенциала региона: кластерная модель // Национальный интерес: приоритеты и безопасность. -2013. - № 11.-С. 41-44.

4 Аркин ПА., Голубев А.Г. Методическое обеспечение взаимодействия промышленных

предприятий внутри кластера: логистический подход // Изв. Санкт-Петербургского университета экономики и финансов. - 2013. - № 1. - С. 33-38.

5 Сельское хозяйство Российской Федерации в 2013 г. // Экономика сельского хозяйства России. - 2013. - № 4. - С.71-75.

6 Губаненко Г.А., Речкина Е.А., Рубчевская Л.П. и др. Анализ потенциала Красноярского края для формирования тематического кластера по производству функциональных пищевых продуктов // Вестник КрасГАУ. - 2013. - № 12. - С. 252-258.

7 Ковалева А.Е. Развитие кластерного управления в аграрном секторе экономики: автореф. к.э.н. - Орел: Орловский государственный университет, 2017. - 24с.

8 Демичев В.В. Методологические подходы к анализу формирования аграрных кластеров // Вопросы статистики.-2013. - № 1. - С. 30-34.

9 Колесниченко Е.А., Савинова О.В. Кластерный подход как инструмент создания благоприятного инвестиционного и делового климата в системе обеспечения конкурентоспособности территории // Социально-экономические явления и процессы. - 2014. - № 2 (60). -С. 47-55.

10 Какие меры принимает Минсельхоз для поддержки субъектов АПК. -2018.-URL: // <https://bnews.kz/ru/search> (дата обращения: 25.02.2019).

11 Савченко, Е.С. Продолжаем уверенное движение вперед Е.С. Савченко //Экономика сельского хозяйства России. - 2013. - № 3.- С. 35-38.

12 Ким В.В., Абдишова Г.Б. Особенности агропромышленного комплекса в Казахстане // Молодой ученый. - 2017. - №8. - С. 21-23.

Әдебиеттер тізімі

1 Lukin V.F., Grigor'eva V.E. Monoklasternyj podhod k upravleniju cepjami postavok v APK Rossii i stranah Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza v sfere rastenievodstva// Perspektivy razvitija predprinimatel'stva v stranah Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza: materialy mezhdunar. nauch.-prakt. konf. - Simferopol', 2016. - S. 213-218.

2 Muzalevskij A.A., Jajli E.A. Klaster: analiz, ocenka, upravlenie. Nauchnoe izdanie.- Sankt-Peterburg: RGGMU, 2013.- S. 112-115.

3 Ahmetzjanova Je.R., Valeeva Je.N. Strategija razvitija social'no-jekonomicheskogo potenciala regiona: klaster'naja model' // Nacional'nyj interes: priority i bezopasnost'. - 2013. - № 11.-S. 41-44.

4 Arkin P.A., Golubev A.G. Metodicheskoe obespechenie vzaimodejstvija promyshlennyh predpriyatij vnutri klastera: logisticheskij podhod // Izv. Sankt-Peterburgskogo universiteta jekonomiki i finansov. - 2013. - № 1. - С. 33-38.

5 Sel'skoe hozjajstvo Rossijskoj Federacii v 2013 g. // Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii. - 2013. - № 4. - S.71-75.

6 Gubanenko G.A., Rechkina E.A., Rubchevskaja L.P. i dr. Analiz potenciala Krasnojarskogo kraja dlja formirovanija tematicheskogo klastera po proizvodstvu funkcional'nyh pishhevyh produktov // Vestnik KrasGAU. - 2013. - № 12. - С. 252-258.

7 Kovaleva A.E. Razvitie klaster'nogo upravlenija v agrarnom sektore jekonomiki: avtoref. k.je.n. - Орел: Орловский государственный университет, 2017. - 24с.

8 Demichev V.V. Metodologicheskie podhody k analizu formirovanija agrarnykh klasterov // Voprosy statistiki.-2013. - № 1. - С. 30-34.

9 Kolesnichenko E.A., Savinova O.V. Klaster'nyj podhod kak instrument sozdaniya blagoprijatnogo investicionnogo i delovogo klimata v sisteme obespechenija konkurentosposobnosti territorii // Social'no-jekonomicheskie javlenija i processy. - 2014. - № 2 (60). -S. 47-55.

10 Kakie mery prinimaet Minsel'hoz dlja podderzhki sub#ektov APK. -2018.-URL: // <https://bnews.kz/ru/search> (data obrashhenija: 25.02.2019).

11 Savchenko, E.S. Prodolzhaem uverennoe dvizhenie vpered E.S. Savchenko //Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii. - 2013. - № 3.- С. 35-38.

12 Kim V.V., Abdishova G.B. Osobnosti agropromyshlennogo kompleksa v Kazahstane // Molodoj uchenyj.- 2017.- №8.- С. 21-23.